

**МККК №39 «Достық» бөбекжай балабақшасының
Қамқорлық кеңесі отырысының хаттамасы**

№2

Ақтөбе қаласы.

« 21» «10» 2022 жыл

Қатысушылар:

1. Карасаева Айсұлу Еламановна- «Жұлдыз» тобының ата-анасы. Ата аналар комитетінің төрайымы .
2. Жумабаев Алмас Берікұлы- Қамқоршылық кеңесінің мүшесі, Астана аудандығының полиция аға лейтенанты
3. Серимбетова Бибижамал Қабидоллақызы -№39 «Достық» бөбекжай балабақшасының зейнеткер педагогі
4. Олешко Людмила Ивановна -№39 «Достық» бөбекжай балабақшасының зейнеткер педагогі
5. Жакаева Даража Карашевна- «Балдәурен» тобының ата-аналар комитетінің мүшесі
6. Узбекбаева Гулдана Кутжановна —«Күншуақ» тобының ата-аналар комитетінің мүшесі
7. Волкова Валентина Владимировна-«Қызғалдақ» тобының ата-аналар комитетінің мүшесі
8. Уркимбаева Акканым Жаксыевна-№39 «Достық»бөбекжай балабақшасының меңгерушісі

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Демеушілік түсімдер және оларды қажетіне қарай бөлу
Ата- аналар комитеті төрайымы : Карасаева А.Е
2. Әлеуметтік көмекті қажет ететін тәрбиеленушілерге көмек көрсету жағдайы.

№39 «Достық» бөбекжай балабақша меңгерушісі:

Уркимбаева А.Ж

3. Аз қамтылған және көп балалы отбасыларынан шыққан дарынды балаларға қолдау көрсету.(костюмдер, жол ақысы және т.б)
Ата- аналар комитеті мүшесі: Узбекбаева Г.К
4. Балабақшада қосымша үйірме,секцияларұйымдастыру.

Тындалды.

1. -№39 «Достық» балабақшасының меңгерушісі А.Ж Уркимбаева кезекті Қамқоршылық кеңесі отырысына қатысушылармен қаралатын мәселелерді таныстырды.

Бірінші сұрақ бойынша: Ата-аналар комитетінің төрайымы Карасаева А.Е демеушілік түсімдер және оларды қажетіне қарай бөлу жөнінде мәлімдеп өтті. Түскен қаржы балабақшаның материалдық базасын нығайтуға, дарынды балаларды қолдауға, байқауларға, семинарларға қажетіне қарай жұмсалды. Оның есебі шығарылып көрсетіледі.

Екінші сұрақ бойынша: №39 «Достық» бөбекжай балабақша меңгерушісі Уркимбаева А.Ж алдағы оқу жылында мектепке баратын тәрбиеленушілерге оқу құралдарынан көмек көрсету қарастырылып отыр. Ол үшін топтарда көпбалалы отбасы, аз қамтылған отбасылары анықталып шешіледі.

Үшінші сұрақ бойынша аз қамтылған және көпбалалы отбасыларынан шыққан дарынды балаларға қолдау көрсету жайында өткен оқу жылы мини теннис үйірмесіне қатысатын балабақшадағы ересектер мен мектепалды даярлау топтарының тәрбиеленушілерін сайыстарға апаруға транспортпен Қамқоршылық кеңесі көмектескен болатын.

Төртінші сұрақ бойынша балабақшада мини теннис үйірмесін денешынықтыру жетекшісі ересектер мен мектепалды даярлық топтарына жүргізеді. Балалар денсаулығын нығауту мен шынықтыру шараларына балабақшада спорттық іс-шаралары жиі ұйымдастырылады.

Шығып сөйлеушілер: Жумабаев Алмас Берікұлы Астана аудандығының полиция аға лейтенанты Осы №39 «Достық» бөбекжай балабақшасымен үнемі тығыз байланыста жұмыстар жүргізуге уақыт бөлуге тырысамын. Жаз мезгілінде «Жолда жүру ережесі» бойынша өткен іс-шараларға қатысқан болатынмын.

ШЕШІМ:

1. Қамқоршылық кеңес тарапынан демеушілік жұмыстар жүргізілсін.
2. Әлеуметтік көмек қажет ететін тәрбиеленушілерге көмек көрсету қарастырылсын.
3. Балабақшада балалар денсаулығын нығайту, шынықтыру мақсатында денешынықтыру шараларын ұйымдастыру жалғастырылсын.

Қамқоршылық Кеңес төрағасы

Хатшы

Вишняк С.В

Аманжолова А.С